Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "АІЖК-не" деген сөз "АПК-не" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "талап арыздарды қараған", "талап арыздарын", " қойылған талап арыз", "талап арызында қойған", "талапты қойған кезде", "арыздары", " арыз берген кезде" деген сөздер тиісінше "талап қоюларды қараған", "талап қоюларын" , "талап қою", "талап қоюда мәлімдеген", "талап қою кезінде", "талап қоюлары", "талап қою кезінде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Талапкер", "талапкер", "талапкердің" деген сөздер тиісінше "Талап қоюшы", "талап қоюшы", "талап қоюшының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Азаматтарға тиесілі жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғау және оларға келтірілген моральдық зиянды өтеу мәселелерін реттейтін заңнаманы сот практикасында дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. Жеке тұлғаларға туғанынан немесе заң бойынша тиесілі жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды сот арқылы қорғау, сондай-ақ оларға келтірілген моральдық зиянды өтеу адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың тиімді кепілдігінің бірі болып табылатынына соттардың назары аударылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 9 және 141-баптарына және республиканың басқа да заңдарына сәйкес сот жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғауды:

құқықты тану;

жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру, оның ішінде мемлекеттік органдардың заңнамаға сәйкес келмейтін актілерін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану;

жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың бұзылуы салдарын жою;

моральдық зиянның өтемін төлету арқылы жүргізеді.

Сот жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды жоғарыда көрсетілген тәсілдердің жиынтығын, сондай-ақ олардың әрқайсысын бөлек қолдану арқылы қорғайды.

Сот жеке мүліктік емес құқықтарды қорғаудың АК-де көзделген тәсілдерін осындай құқықтарды қорғау еңбек туралы, неке және отбасы туралы, табиғи ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау туралы және басқа да заңнамалық актілерде арнайы бекітілмеген жағдайларда да қолдануы мүмкін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың бұзылуы, олардан айырылуы немесе кемсітілуі жәбірленушіге моральдық зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар деп азаматтың туғанынан тиесілі, жеке басымен тығыз байланысты, заңмен берілген игіліктерді немесе құқықтарды түсіну қажет. Адамға туғанынан тиесілі игіліктерге өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне, бостандығына, жеке басына қолсұғылмаушылықты, ал азаматтың заңмен берілген құқықтарына тұрғын үйіне немесе меншігіне қолсұғылмаушылықты, жеке өмірінің немесе отбасының құпиясына, телефон, телеграф хабарларының және хат жазысу құпиясына; атын пайдалануға; өз бейнесіне; авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңнамаға сәйкес авторлыққа және басқа да мүліктік емес жеке құқықтарды; емін-еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жерін таңдау, анық ақпарат алу құқықтарын, сондай-ақ заңнамада көзделген басқа да құқықтарды жатқызу қажет.

Моральдық зиян деп азаматтың өзіне тиесілі жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарын құқыққа қайшы бұзу, кемсіту немесе олардан айыру салдарынан басынан кешірген жан азабын немесе тән азабын түсіну қажет.

Жан азабы (адамның эмоциялық-ерік-жігерінің уайымдары) деп өз басынан кешірген қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б. сезімдерін түсіну қажет. Мұндай сезімдер, мысалы, жәбірленушінің өзінің, сондай-ақ оның жақын туыстарының, жұбайының /зайыбының өмірі мен денсаулығына құқыққа қайшы қол сұғу; бас бостандығынан не емін-еркін жүріп-тұру құқығынан заңсыз айыру немесе шектеу; денсаулығына, оның ішінде адамның дене бөліктерін ұсқынсыз ететін тыртықтар мен тыртықшалар түсіріп зиян келтіру; отбасылық, жеке немесе дәрігерлік құпияны ашу; хат жазысу, телефон немесе телеграф хабарлар құпиясын бұзу; азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді тарату;

атына, бейнесіне құқығын бұзу; оның авторлық және сабақтас құқықтарын бұзу және т.б. салдарынан туындауы мүмкін.

Тән азабы деп азамат күш қолданылуына немесе денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты сезінетін тәннің ауырғанын түсіну қажет.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. АК-нің 187-бабының 1) тармақшасына сәйкес заңнамалық актілерде көзделген жағдайлардан басқа, моральдық зиянды өтеу туралы талаптарға талаптың ескіру мерзімі қолданылмайды. Бұл ретте соттар "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер заңнамалық актілерде өзгеше тәртіп көзделмесе, азаматтардың жеке мүліктік емес құқықтарын қорғауды көздейтін заңнамалық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатынына назар аударуы қажет. "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (Ерекше бөлім) күшіне енгізу туралы" 1999 жылғы 1 шілдедегі № 410-I Қазақстан Республикасы Заңының 8-тармағында АК-нің 922 және 923-баптарында көзделген жағдайларда мүліктік емес зиян 1999 жылғы 1 шілдеге дейін, бірақ 1996 жылғы 1 шілдеден кейін келтірілсе және өтелмей қалса, оның өтелетіні ұйғарылған.

Жәбірленушінің моральдық зиянды өтеттіру құқығын көздейтін заңнамалық акт қолданысқа енгізілгенге дейін келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талабы қанағаттандырылуға жатпайды. Мұндай зиян заңнамалық акт қолданысқа енгізілгеннен кейін азамат жан азабын немесе тән азабын тартуын жалғастырған жағдайларда да қанағаттандырылуға жатпайды.

Егер жәбірленушіге моральдық зиян келтірілген құқыққа қарсы әрекет (әрекетсіздік) заңнамалық акт қолданысқа енгізілгенге дейін басталса және ол қолданысқа енгізілгеннен кейін жалғасса, онда заңнамалық акт қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған құқыққа қарсы әрекетпен (әрекетсіздікпен) келтірілген моральдық зиян өтелуге жатады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

5. Моральдық зиянды өтеу зиян келтірушінің кінәсі анықталған кезде жүргізіледі. АК-де көзделген жағдайларда жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар осы құқықтарды бұзған адамның кінәсіне қарамастан, сот арқылы қорғалуға жатады.

Талап қоюшы талап қоюда оның жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылу фактісін растайтын мән-жайларды көрсетіп, дәлелдемелер келтіруге және

оларды қорғау қажеттігін, сондай-ақ өзінің пікірі бойынша өзіне келтірілген моральдық зиянды өтеуді қамтамасыз ететін өтемақы сомасын көрсетуге міндетті.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар келтірген моральдық зиянды өтеу туралы азаматтардың талаптары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. АК-нің 917-бабының 1-тармағына сәйкес моральдық зиянды құқыққа қайшы (қасақана немесе абайсызда) кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірген адам толық көлемде өтеуге тиіс.

Моральдық зиянды толық өтеу деп зиян келтіруші заңнамалық актілердің нормаларында (мысалы, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-I Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқан бұқаралық ақпарат құралы оларды теріске шығаруды жариялауға міндетті; Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 41-бабына сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін орган моральдық зияннның салдарын жою бойынша шаралар қолдануға міндетті) тікелей жазылуына орай жасауы және талап қою бойынша жәбірленушіге моральдық зиян өтемақысын сот шешімінде белгіленген сомада төлеуі тиіс әрекеттерді түсінген жөн.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. АК-нің 952-бабының талаптарына сәйкес моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Бұл ретте сот өтемақы сомасын ақылға сыйымдылық пен әділдік өлшемшарттарын негізге ала отырып анықтайды.

Моральдық зиян өтемақысының мөлшерін, егер оны анықтау кезінде азаматтың жеке мүліктік емес құқықтарының бұзылуына байланысты мән-жайлар ескерілсе, ақылға қонымды әрі әділ деп есептеген жөн. Зиян келтіруші үшін құқыққа қайшы жасалған әрекет пен оның салдары үшін жауаптылық шарасы ретінде ақшалай өтемақы мөлшері болады.

Бірінші сатыдағы сот өндірген моральдық зиян өтемақысының мөлшері, егер бұл мөлшер жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмейтін болса, жоғары тұрған сот сатыларында қайта қаралуы мүмкін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

8. Соттар моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде азаматқа келтірілген жан мен тән азабының ауырлығын, оның субъективтік бағалануын, сондай-ақ осы жағдайларды куәландыратын объективті мәліметтерді, атап айтқанда:

жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың (өмірі, денсаулығы, бостандығы, тұрғын үйге қолсұғылмаушылық, жеке және отбасылық құпия, ар-намысы мен қадір-қасиеті және т.б.) өмірлік маңыздылығын;

жәбірленушінің басынан кешірген жан азабының немесе тән азабының дәрежесін (бас бостандығынан айырылуы, дене жарақаттарының келтірілуі, жақын туыстарынан, жұбайынан/зайыбынан айырылуы, еңбекке қабілеттілігінен айырылуы немесе оның шектелуі және т.б.);

моральдық зиянды өтеу үшін қажет болып табылатын зиян келтірушінің кінәсінің түрін (пиғыл, абайсыздық) назарға алуы қажет.

Сот моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде іс материалдарымен бекітілген басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылыққа тартылатын адамның отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

9. АК-нің 917-бабының 1-тармағына және 951-бабының 2-тармағына сәйкес моральдық зиянды өтеу бойынша міндеттеме мынадай негіздер:

адамның заңмен қорғалатын жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына қолсұғатын құқық бұзушылық (деликт) тікелей жеке тұлғаға қарсы жасалған;

құқық бұзушылықтың және жәбірленушіге келтірілген зиянның және ол қайтыс болған жағдайда жан азабына немесе тән азабына әкеп соққан, оған тиесілі жеке мүліктік емес құқықтарының бұзылуы арасындағы себепті байланыс болған, оның жақын туыстарының, жұбайының/зайыбының мүліктік емес құқықтары бұзылған;

заңда көзделген жеке мүліктік емес зиянды кінәсіз өтеу жағдайларынан басқа, зиян келтірушінің кінәсі болған кезде туындайды.

Жоғарыда көрсетілген негіздердің кез келгені болмауы жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғау мүмкіндігін болдырмайды, өйткені олар бұзылмаған деп болжанады.

ҚР Конституциялық Сотының 06.10.2023 № 32-НҚ нормативтік қаулысымен осы нормативтік қаулының 9-тармағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

10. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2200 Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заң) 22-бабында жаппай саяси

қуғын-сүргіндер құрбандарына мүліктік және мүліктік емес зиян ақталған адам бас бостандығынан айыру орындарында заңсыз болған әрбір айы үшін халықты әлеуметтік қорғау органдарына жүгінген күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрттен үш бөлігі мөлшерінде 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап өтелуге жататыны көзделгеніне соттардың назары аударылсын. Алайда мүліктік және мүліктік емес зиян өтемақысының жалпы сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.

Моральдық зияннның өтемақысы жәбірленушінің жеке басына тығыз байланысты, тиісінше, осы өтемақы есептелген (сот өндірген), бірақ ақталған азамат қайтыс болуы себебінен алынбаған жағдайлардан басқа, бұл өтемақы жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының мұрагерлеріне төленбейді.

Соттар "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңның 26-бабында осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жаппай саяси қуғын-сүргіндердің ақталған құрбандарына 18-24-баптардың күші қолданылатыны туралы жазылғанын Заң қабылданғаннан кейін ақталған адамдардың құқықтарын шектемей, осы баптардың қолданылуына кері күш береді деп түсінген жөн.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

11. АК-нің 922-бабының 1-тармағына, 923-бабының 1 және 2-тармақтарына, 951-бабының 3-тармағына сәйкес мыналардың:

мемлекеттік органдардың заңнамалық актілерге сәйкес келмейтін актілер шығаруының;

заңсыз соттаудың;

қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тартудың;

бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз күзетпен қамауға алудың, үйқамаққа алудың, ешқайда кетпеу туралы қолхат алудың;

қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың;

психиатриялық немесе басқа емдеу мекемелеріне заңсыз орналастырудың;

заңнамалық актілерде көзделген өзге де жағдайлардың нәтижесінде азаматқа келтірілген моральдық зиян мемлекеттік қазына (республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты) есебінен зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан өтеледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Моральдық зиянды мемлекеттік қазына (республикалық немесе жергілікті бюджеттің) есебінен өтеу туралы талап қоюлар бойынша жауапкер ретінде мемлекет болып табылады және бұл жағдайда істердің осы санаты бойынша соттылығын мемлекеттік қазына өкілінің орналасқан жері бойынша анықтаған жөн.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі не мемлекеттік қазынаның мүдделерін білдіру жөнінде арнайы өкілеттікті иеленген өзге де мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар мемлекеттік қазынаның өкілдері бола алады.

Соттар осы санаттағы істерді қараған кезде мемлекеттік қазынаның және тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің нақтылы өкілін анықтауға және оларды іске қатысуға тартуға тиіс.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

13. Соттар азаматтардың жоғары қауіптілік көзі келтірген моральдық зиян өтемақысын өндіру туралы талап қоюларын қарау кезінде, егер жоғары қауіптілік көзінің иесі осы зиян дүлей күштің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан не зиян келтірушінің құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде жоғары қауіптілік көзі иесінің заңды иелігінен шыққанына байланысты келтірілгенін дәлелдей алмаса, моральдық зиянды өтеуге міндетті екенін назарда ұстауы қажет.

Жәбірленушінің теріс пиғылы деп соттар жәбірленушіге моральдық зиян келтіруіне ықпал еткен, жәбірленушінің жоғары қауіптілік көзімен қауіпсіз жұмыс істеу (иттер мен басқа да үй жануарларын жәбірлеу; жабайы жануарларды хайуанаттар бақтарында және басқа да қамауда ұстау жерлерінде жәбірлеу; адам денсаулығы мен өміріне қауіпті өрт қаупі бар, жарылғыш, иондаушы және басқа да нәрселер мен заттарды қауіпсіз пайдалану қағидаларын бұзу және т.б.) қағидаларын қасақана бұзуы туралы куәландыратын әрекеттерін түсінгені жөн.

Жоғары қауіптілік көзі иесінің заңды иеленуінен шығуы деп жоғары қауіптілік көзінің иесі жоғары қауіптілік көзін оның еркінен тыс қалыпты жағдайларда үшінші тұлғалардың пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын, ақылға қонымды және жеткілікті шараларды қабылдаған жағдайды түсіну қажет.

Жәбірленушіге моральдық зиянды жоғары қауіптілік көзін құқыққа қайшы иеленген тұлғалар келтірген жағдайда моральдық зиянды келтірген тұлғалар осындай зиянды өтеуге тікелей міндетті болады. Егер жоғары қауіптілік көзінің иесі заңды иеленуден шықса, бірақ бұл ретте оның кінәсі бар екені анықталса, онда келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылық үлестік тәртіппен моральдық зиянды тікелей келтірушіге де, сондай-ақ жоғары қауіптілік көзінің иесіне де жүктеледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

14. Соттар жалақыны және моральдық зиянның өтемақысын өндіріп алу туралы талап қоюларды қарау кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі — Конституция) 24-бабының негізінде әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына, қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай келетін еңбек

жағдайына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алуға құқығы бар екенін назарда ұстауы қажет. Азаматтардың жалақыны өндіріп алу туралы талап қоюды берген кезде қорғалуға жататын мүліктік емес құқықтарының да бұзылуына әкеп соғатын жұмыстан заңсыз шығару, жалақыны уақтылы төлемеу жұмыскердің еңбегі үшін сыйақы алуға конституциялық құқығын бұзу болып табылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

15. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Неке туралы кодекс) 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес жақын туыстар - бұл ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер. Неке-отбасы қатынастарын қорғау қажеттілігі Конституцияның 27-бабынан және Неке туралы кодекстің 2-бабынан туындайды, оған сәйкес отбасы мемлекеттің қорғауында болады.

Сот қайтыс болған адамның жақын туыстарының, жұбайының/зайыбының талап қоюлары бойынша талап қоюшыға моральдық зиянды өтеу туралы істерді қарау кезінде оларға жан азабының келтірілу фактісінің дәлелденгенін не дәлелденбегенін, олардың қайтыс болған адаммен шын мәнісінде жақын туыстық, отбасылық қарым-қатынаста болғанын не болмағанын тексеруі, сондай-ақ келтірілген моральдық зиянды бағалаудың басқа да өлшемшарттарын ұсынуы тиіс. Бұл жағдайда жоғарыда көрсетілген адамдардың талап қоюлары қаралуға жатады.

Соттар әрбір жақын туыстың, жұбайының/зайыбының азаматтық істер бойынша талап қоюмен бірнеше рет жүгінуін болдырмау мақсатында істі қарауға дайындау сатысында барлық жақын туыстың, жұбайының/зайыбының іске талап қоюшы жағында үшінші тұлғалар ретінде қатысуы туралы мәселені шешуі және оларға Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (бұдан әрі - АПК) сәйкес дербес талап қоюды беру құқығын түсіндіруі қажет.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

16. Соттардың назары жекеше айыптау істері бойынша ақтау үкімінің шығарылуы, сондай-ақ ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы өзінен-өзі ақталған адамға моральдық зиян өтемақысын өтеу міндетін жекеше айыптаушыға жүктеу үшін негіз бола алмайтынына аударылсын, өйткені бұл жағдайда құзыретіне осындай шағымдарды қарау жатқызылған органдарға жүгіну бойынша конституциялық құқық іске асырылады.

Моральдық зиян өтемақысын өндіру туралы жекеше айыптау ісі бойынша ақталған адамның қойған талабы, егер жекеше шағымның ешбір құқықтық негізі болмаған және

сотқа жүгіну басқа адамға зиян келтіруге (құқықты теріс пайдалану) бағытталған жағдайда ғана қанағаттандырылуы мүмкін. Бұл ретте талап қоюшы айыптаушының тарапынан құқықты теріс пайдалану фактісін дәлелдеуге тиіс.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

17. АК-нің 143-бабының 6-тармағына сәйкес азаматқа қатысты оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған болса, ол мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан өзіне келтірілген залалды және моральдық зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

Осы санаттағы істер бойынша жауапкер бағалау пікірі үшін жауапты болмайды.

Азаматтың іскерлік беделін қорғау туралы талап, моральдық зиянды өтеу туралы талапты қоспағанда, заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға да қолданылады. Заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға АК-де белгіленген тәртіппен залалдарды өтеу туралы ережелер қолданылады.

Азаматтық заңнамада заңды тұлғаға моральдық зиянды өтеу көзделмеген және соттардың заңды тұлғалардың моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюларын қабылдаудан бас тартқаны жөн, талап қою қабылданған жағдайда іс бойынша іс жүргізу тоқтатылуы тиіс.

Моральдық зиянды өтеу туралы талаптар қойылған кезде талап қоюшы жан азабын және тән азабын бастан кешіргенін дәлелдеуге тиіс.

Сот ұсынылған дәлелдемелерді бағалап, ақылға сыйымдылық пен әділдік өлшемшарттарының негізінде моральдық зиянды өтеу мөлшерін анықтағанда таратылған мәліметтердің сипатын, таратылу шегін, жауапкер кінәсінің нысанын, оның материалдық жағдайын және басқа да назар аударуға тұрарлық мән-жайларды ескеруге тиіс.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

18. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Қазақстан Республикасының Заңында және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде автокөлік құралы иесінің немесе тасымалдаушының жәбірленушіге келтірілген моральдық зияны үшін жолаушылар алдындағы жауапкершілігін сақтандыру көзделмегеніне соттардың назары аударылсын.

Сақтандыру ұйымдарына (сақтандырушыларға, қайта сақтандырушыларға) сақтандыру жағдайының басталуына байланысты үшінші тұлғаларға моральдық зиянды өтеу міндеті жүктелмейді.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде келтірілген моральдық зиянды өтеу бойынша міндет автокөлік құралының иесіне немесе тасымалдаушыға жүктелуге тиіс.

Егер ерікті сақтандыру шартында сақтанушының мүліктік емес игіліктері мен құқықтарын сақтандыру көзделсе, онда сақтандыру төлемдері ерікті сақтандыру шартының талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

19. Соттарға АК-нің 951-бабының 4-тармағына қатысты бұзылуы моральдық зиянды өтеу мүмкіндігін болдырмайтын жеке тұлғалардың мүліктік құқықтары деп, атап айтқанда: мүлікті иеленуге, пайдалануға және билік етуге байланысты құқықтар; құқықтық қатынастарға қатысушылардың арасында туындайтын мүліктік талаптар (заттай немесе міндеттемелік құқықтар, оның ішінде азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша міндеттеменің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты және т.б.), сондай-ақ авторлардың өздері жасаған туындылары немесе жасаған өнертабыстары үшін сыйақы алу құқығы; мұрагерлік құқықтар түсінілетіні түсіндірілсін.

Егер азаматтың мүліктік құқықтарының бұзылуы оның жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуымен бір мезгілде орын алса, онда келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы талапты қанағаттандырумен қатар моральдық зиянды өтеу (мысалы, тұрғын үйге қолсұғылмаушылықты бұза отырып, жәбірленушінің мүлкін құқыққа қайшы иелену; тұтынушының сапалы тауарға құқығын бұзу; авторлықты иелену және т.б.) туралы мәлімделген талап та қанағаттандырылуға жатады.

АК-нің 352-бабына сай, егер міндеттемені тиісті түрде орындамау кредит берушінің мүліктік құқықтарының бұзылуымен байланысты болмаса, АК-нің 272-ден бастап 288-ні қоса алғандағы баптарында көзделген міндеттемелерді орындамау моральдық зиянды өтеу үшін негіз бола алады. Борышкердің мүліктік құқықтарын қозғайтын міндеттемелердің тиісті түрде орындалмауы (мысалы, қарыз шарты бойынша ақшаны қайтарудан жалтару; сатып алу-сату шарты бойынша сатып алынған заттың құнын төлеу немесе мәміле нысанасын беру бөлігінде міндеттемелерді орындамау және т.б.) АК-нің 951-бабының 4-тармағына сәйкес моральдық зиянды өтеу мүмкіндігін болдырмайды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

20. Жәбірленушіге бірнеше заңды немесе жеке тұлғаның бірлесіп жасаған құқыққа қайшы әрекеттерімен келтірілген моральдық зиян АК-нің 287-бабының 1-4-

тармақтарына және 932-бабына сәйкес осындай зиянды келтірушілер ортақ немесе үлестік тәртіппен толық көлемде өтеуге тиіс.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

21. Жас балалар немесе кәмелетке толмағандар не заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі не әрекетке қабілетті, бірақ денсаулығына байланысты өз әрекетінің мәнін түсінуге және оларды басқаруға қабілеті жоқ деп танылған азаматтар әрекеттерімен жәбірленушіге моральдық зиян келтірген кезде сот оны өтеуді АК-нің 925-930-баптарында белгіленген ережелер бойынша жүргізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

22. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктердің тұтынушылардың белгісіз тобына моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюлары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды, өйткені моральдық зиянды өтеу туралы талап азаматтың жеке басымен тығыз байланысты.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Егер талап қоюшы заңнамаға сәйкес мемлекеттік бажды төлеуден босатылмаса, азаматтардың моральдық зиянды өтеу туралы талаптарына АПК-нің және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес мемлекеттік баж төленуі тиіс.

Талап қоюшы мүліктік сипаттағы және моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды бір талап қоюда қойған кезде мәлімделген әрбір талапқа мемлекеттік баж дербес төленуі тиіс. Ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген моральдық зиянның өтемақысын ақшалай мәнде өндіріп алу туралы талап қоюлардың бағасы өндіріліп алыну талап етілген сомамен айқындалады.

Сот АПК-ға сәйкес моральдық зиянды өндіру туралы талапты қанағаттандыру кезінде талап қоюшы талап қоюды берген кезде төлеген немесе төлеуге тиіс болған мемлекеттік бажды жауапкерден тиісінше талап қоюшының пайдасына немесе жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алуға міндетті. Мемлекеттік баждың көрсетілген сомасы моральдық зиянды өтеу туралы қанағаттандырылған талаптың мөлшеріне тепе-тең түрде өндірілуге жатады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

24. Моральдық зиянды өтеу туралы шешімде:

жәбірленушіге моральдық зиян келтірген құқық бұзушылықтың сипаттамасы;

жәбірленушінің бұзылған жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының көрсетілуі;

жәбірленуші басынан кешірген жан азабы немесе тән азабы туралы деректер;

мүліктік емес құқықтарды қорғау тәсілі (құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру; моральдық зияннның салдарын жою; моральдық зиян өтемақысын өндіріп алу), сондай-ақ моральдық зиян өтемақысы мөлшерінің негіздемесі;

сот шешім шығару кезінде басшылыққа алған материалдық құқық нормалары қамтылуы тиіс.

Сот шешімнің қарар бөлігінде жауапкердің жауаптылығының түрін (субсидиарлық, үлестік, ортақ, дара), сондай-ақ моральдық зиянды өндіріп алу көзін (жеке тұлғаның мүлкінің немесе заңды тұлғаның банктік шотындағы ақшаның; мемлекеттік қазынаның есебінен) көрсетуге тиіс. Моральдық зиянды мемлекеттік қазынадан өтеу кезінде сот заңды күшіне енген сот шешімінің орындалуын заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз ететін тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісін көрсетуге міндетті.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

25. Мыналардың:

1) "Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы" 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының;

2) "Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 20 наурыздағы № 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

26. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы Қ.Мәми.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы Қ.Шаухаров.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК